**Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 142 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 шілдеде № 17244 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін табыс ету қағидаларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндеріне және оларды есептеу әдістемесіне:

38-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмиссияланған) Қазақстан

Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар;";

7) тармақшада:

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"осы тармақшаның екінші, үшінші және төртінші абзацтарында көрсетілген акцияларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15175 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 54 қаулысымен бекітілген Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарда (бұдан әрі – № 54 талаптар) көзделген қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар және күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;";

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып, осы тармақшаның алтыншы және жетінші абзацтарында көрсетілген борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, № 54 талаптарға сәйкес қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар;";

43-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Нормативтердің 42-тармағында көрсетілген әртараптандыру нормативтері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлғаға, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және ұлттық басқарушы холдингтерге тиесілі бағалы қағаздарына қолданылмайды.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есебі осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін табыс ету қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін электрондық форматта табыс етеді.

Есепті күндегі жағдай бойынша қағаз тасымалдағыштағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікке сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірінші басшысы (ол болмаған кезде - ол уәкілеттік берген адам) және бас бухгалтері (ол болмаған кезде - ол уәкілеттік берген адам) қол қояды және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында және сақтандыру тобында сақталады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің электрондық форматта табыс етілетін деректерінің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкес келуін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірінші басшысы (ол болмаған кезде - ол уәкілеттік берген адам) және бас бухгалтері (ол болмаған кезде - ол уәкілеттік берген адам) қамтамасыз етеді.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарда:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15175 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 54 қаулысымен бекітілген Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарға сәйкес қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесінде:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар;".

2. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.04.2026 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қаржы нарығының әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ұлттық Банк Төрағасы* *Д. Ақышев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің Төрағасы
__________ Н. Айдапкелов
2018 жылғы 17 шілде

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 29 маусымдағы
№ 142 қаулысына
1-қосымша

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының және сақтандыру

топтарының пруденциялық
нормативтердің орындалуы
туралы есептілігінің тізбесіне,
нысандарына, табыс ету
мерзімдеріне
1-қосымша

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

## Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп Есепті кезең: 20__жылғы "___"__________ жағдай бойынша

Индекс: 1-PN_M
Кезеңділігі: ай сайын
Ұсынатындар: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары
Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей.

Нысан

__________________________________________________________

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

1-кесте. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы мәліметтер

| № | Нормативтің атауы | Көрсеткіштің мәні |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі (1.1/1.2) | |
| 1.1 | Нақты төлем қабілеттілігінің маржасы (1.3 + 1.4 немесе 1.8 ең төмен шама) (мың теңгемен) | |
| 1.2 | Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("400") (мың теңгемен) | |
| 1.3 | Нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеудің аралық қорытындысы ("100") (мың теңгемен) | |
| 1.4 | Нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеуге енгізілетін сома ("200") (мың теңгемен) | |
| 1.5 | Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, активтердің жиынтығы ("12000") ( мың теңгемен) | |
| 1.6 | Қайта сақтандырушының үлесін шегергенде сақтандыру резервтері ("13000") (мың теңгемен) | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1.7 | Сақтандыру резервтерінің сомасын қоспағанда, міндеттемелер ("14000") (мың теңгемен) | | |
| 1.8 | Активтердің сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып есептелген, төлем қабілеттілігінің нақты маржасы (1.5 - 1.6 - 1.7) | | |
| 2 | Осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 42-тармағы 1) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында (НД1-1) бағалы қағаздарға (кері РЕПО операцияларын ескере отырып), салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жиынтық орналастыру - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 20 (жиырма) пайыздан көп емес | | |
| | Осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 42-тармағы 2) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін екінші деңгейдегі бір банкте және банктің үлестес тұлғаларында (НД1-2) бағалы қағаздарға (кері РЕПО операцияларын ескере отырып), | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жиынтық орналастыру - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 15 (он бес) пайызыдан көп емес | | |
| 4 | Осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 42-тармағы 3) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін екінші деңгейдегі бір банкте және банктің үлестес тұлғаларында (НД1-3) бағалы қағаздарға (кері РЕПО операцияларын ескере отырып), салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жиынтық орналастыру - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес | | |
| | Екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын бір заңды тұлғада және осы заңды тұлғаның үлестес тұлғаларында (НД2) бағалы қағаздарға (кері РЕПО операцияларын ескере отырып) және ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жиынтық орналастыру - осы | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен) | | |
| 6 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің қатысуымен жасалатын, күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге (қор биржасының сауда жүйесінде) және автоматты тәсілмен (НД3) ғана жасалған "кері РЕПО" мәмілелері - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 50 (елу) пайыздан көп емес (пайызбен); | | |
| 7 | Тазартылған бағалы металдар мен металды депозиттерге күнтізбелік 12 (он екі) айдан аспайтын мерзімге жиынтық орналастыру (НД4) - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен) | | |
| | "Өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтанушыларына берілген қарыздардың жиынтық мөлшері (НД5) - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен) | | |
| 9 | Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларды ескере отырып) жиынтық орналастыру (НД6) - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен) | | |
| 10 | Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 39-тармағында тізбесі айқындалған халықаралық қаржы ұйымының бағалы қағаздарына ("кері РЕПО" операцияларды ескере отырып) жиынтық орналастыру (НД7) - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес | | |

| | | |
|---|---|---|
| | есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен ) | |
| 11 | Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, Сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 38-тармағы 12) және 13) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) пайларға инвестициялардың жиынтық мөлшері (НД8) - Сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен) | |
| 12 | Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, ашық және интервалды инвестициялық пай қорларының пайларына инвестициялардың жиынтық мөлшері (НД8) - Сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 5 (бес) пайыздан көп емес (пайызбен) | |
| | Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың | |

| | | |
|---|---|---|
| 13 | жиынтық мөлшері (НД9) - Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен ) | |
| 14 | Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, Сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 38-тармағы 15) және 16) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін исламдық қаржыландыру құралдарына инвестициялардың жиынтық мөлшері (НД10) - Сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен) | |
| 15 | Өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативін орындау туралы ақпарат (иә/жоқ) | |

## 2-кесте. Төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерін ұлғайту сомасы

(мың теңгемен)

| Қайта сақтандыру ұйымының атауы | Халықаралық немесе ұлттық шәкіл бойынша қайта сақтандырушының рейтингтік бағасы ( төлем қабілеттілігі | Қолданыстағы қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыруға берілген (берілетін) | Қолданыстағы қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыруға | Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерінің ұлғаю сомасы (мың |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | маржасының жеткіліктілігі нормативі) | міндеттемелер көлемі, барлығы ( мың теңгемен) | берілген (берілетін) міндеттемелер көлемінен пайызы | теңгемен) (3-баған х 4-баған) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| "Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы" 2014 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратифицикацияланған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі - ЕАЭО туралы шарт) қатысушы елдердің қайта сақтандырушыларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті емес - қайта сақтандырушылармен жасалған қайта сақтандыру шарттары | | | | |
| 1-топ | "АА" немесе жоғары | | 0 % | |
| 2-топ | "А+" пен "А-" аралығы | | 0 % | |
| 3-топ | "BBB+" пен "BBB-" - аралығы | | 0,21 % | |
| 4-топ | "BB+" пен "BB-" аралығы | | 0,75 % | |
| 5-топ | "B+" пен "B-" аралығы | | 3,8 % | |
| 6-топ | "B-"-тен төмен немесе жоқ | | 22 % | |
| Қазақстан Республикасының резиденттері - қайта сақтандырушылармен жасалған қайта сақтандыру шарттары | | | | |
| 7-топ | "B" немесе одан жоғары; "kzBB" немесе одан жоғары | | 0 % | |
| 8-топ | "B" төмен немесе " kzBB" | | 0,21 % | |
| 9-топ | >1,75 | | 0 % | |
| 10-топ | >1,5 | | 0,05 % | |
| 11-топ | >1,25 | | 0,1 % | |
| 12-топ | >1,0 | | 0,2 % | |
| 13-топ | > 0,9 | | 5 % | |
| ЕАЭО туралы шартқа қатысушы елдердің қайта сақтандырушыларымен жасалған қайта сақтандыру шарттары | | | | |
| 14-топ | "BBB+" пен "BBB-" аралығы | | 0% | |
| 15-топ | "BB+" пен "BB-" аралығы | | 0,21 % | |
| 16-топ | "B+" пен "B-" аралығы | | 0,75 % | |
| 17-топ | "B-"-тен төмен немесе жоқ | | 22% | |
| Жиынтығы: | ххх | | ххх | |

3-кесте. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және қайта сақтандыруды қызметінің ерекше түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымы үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу

"Сыйлықақылар әдісін" пайдалана отырып төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу

(мың теңгемен)

| Көрсеткіш атауы | Жол коды | Сомасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары, барлығы (осы қаулымен белгіленген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 12-тармағының 1), 2), 3) тармақшыларына сәйкес) | 1110 | |
| Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу шығыстарының сомасы | 1120 | |
| Алдыңғы қаржы жылындағы корпоративтік табыс салығының сомасы | 1130 | |
| Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған түзетілген сақтандыру сыйлықақылары ("1110" - "1120" - "1130") | 1100 | |
| Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары, барлығы (осы қаулымен белгіленген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 12- | 1210 | |

| | | |
|---|---|---|
| тармағының 1), 2), 3) тармақшыларына сәйкес) | | |
| Алдыңғы қаржы жылындағы түзетілген жиынтық еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары ("1210" - "1120" - "1130") | 1200 | |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақылары немесе одан әрі есептеуге арналған жиынтық еңбек сіңірілген сыйлықақылар (егер "1100" ≥ "1200" болса, онда "1100"; егер "1100" < "1200" болса, онда "1200") | 1010 | |
| А аралық қорытындысы:<br>2018 жылғы 1 қаңтарға дейін:<br>(егер "1010" > 1 500 000 болса, онда (1 500 000 x 0,18 + ("1010" - 1 500 000) x 0,16); егер "1010" < 1 500 000 болса, онда "1010" x 0,18)<br>2018 жылғы 1 қаңтардан бастап:<br>(егер "1010" > 3 500 000 болса, онда (3 500 000 x 0,18 + ("1010" - 3 500 000) x 0,16); егер "1010" < 3 500 000 болса, онда "1010" x 0,18) | 1020 | |
| Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген, сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері ("1311" + "1312" + "1313") | 1310 | |
| Алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген, сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері | 1311 | |
| Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылдағы, қаржы жылының соңына есептелген, сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері | 1312 | |
| Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылдағы, қаржы жылынының соңына | | |

| | | |
|---|---|---|
| есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері | 1313 | |
| Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері ("1321" + "1322" + " 1323") | 1320 | |
| Алдыңғы қаржы жылында есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері | 1321 | |
| Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылдағы, қаржы жылының соңына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері | 1322 | |
| Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылдағы, қаржы жылының соңына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері | 1323 | |
| Түзету коэффициенті (егер "1310" / "1320" > 0,5 болса, онда "1310" / "1320"; егер "1310" / "1320" < 0,5 болса, онда 0,5) | 1300 | |
| Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері (" сыйлықақылар әдісімен") ("1020" х "1300") | 1000 | |

"Төлемдер әдісін" пайдалана отырып төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу

(мың теңгемен)

| Көрсеткіш атауы | | Жол коды | Сомасы |
|---|---|---|---|
| 1 | | 2 | 3 |
| | Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген ( Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 13-тармағы 2) тармақшасының | 2110 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | талаптарын ескере отырып) ("2111" + "2112" + "2113"): | | |
| | алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген | 2111 | |
| | алдыңғы қаржы жылынының алдындағы 1 (бір) жылдағы, жылдың соңына есептелген | 2112 | |
| | алдыңғы қаржы жылынының алдындағы 2 (екі) жылдағы, жылдың соңына есептелген | 2113 | |
| Жиынтық сақтандыру төлемдері | "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының ( бұдан әрі - Заң) 6-бабы 3-тармағының 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру ( қайта) ұйымдары үшін алдыңғы 7 (жеті) қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері ("2121" +... + " 2127"): | 2120 | |
| | алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген | 2121 | |
| | алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 ( бір) жылдағы, жылдың соңына есептелген | 2122 | |
| | алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 ( екі) жылдағы, жылдың соңына есептелген | 2123 | |
| | алдыңғы қаржы жылының алдындағы 3 ( үш) жылдағы, жылдың соңына есептелген | 2124 | |
| | алдыңғы қаржы жылының алдындағы 4 ( төрт) жылдағы, жылдың соңына есептелген | 2125 | |
| | алдыңғы қаржы жылының алдындағы 5 ( | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бес) жылдағы, жылдың соңына есептелген | 2126 | |
| | алдыңғы қаржы жылының алдындағы 6 ( алты) жылдағы, жылдың соңына есептелген | 2127 | |
| Алдыңғы қаржы жылының соңындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасы | | 2210 | |
| Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылдағы, қаржы жылының соңындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасы | | 2310 | |
| Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 6 (алты) жылдағы, қаржы жылының соңындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасы ( Заңның 6-бабы 3-тармағының 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін) | | 2320 | |
| Одан әрі есептеуге арналған жиынтық сақтандыру төлемдері (1/3 х ("2110" + "2210" - "2310")) | | 2030 | |
| Заңның 6-бабы 3-тармағының 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін одан әрі есептеуге арналған жиынтық сақтандыру төлемдері (1/7 х (" 2120" + "2210" - "2320") | | 2031 | |
| Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ( "төлемдер әдісімен"):<br>2018 жылғы 1 қаңтарға дейін:<br>(егер "2030" > 1 000 000 болса, онда ((1 000 000 х 0,26 + ("2030" - 1 000 000) х 0,23) х "1300"); егер " 2030" < 1000 000 болса, онда "2030" х 0,26 х "1300")<br>2018 жылғы 1 қаңтардан бастап:<br>(егер "2030" > 2 500 000 болса, онда ((2 500 000 х 0,26 + ("2030" - 2 500 000) х 0,23) х "1300"); егер " 2030" < 2 500 000 болса, онда "2030" х 0,26 х "1300") | | 2000 | |

# Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері

(мың теңгемен)

| Көрсеткіш атауы | Жол коды | Сомасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("1000" немесе " 2000", ең жоғары шама) | 3000 | |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу | 3010 | |

| | | |
|---|---|---|
| әдістемесінің 14-тармағында көрсетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ең төменгі төлем қабілеттілігі маржасын ұлғайту сомасы | | |
| Есепті кезеңдегі төлем қабілеттілігі маржасының түзетілген ең төмен мөлшері ("3000" + "3010") | 3100 | |
| Алдыңғы қаржы жылындағы төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері | 4100 | |
| Алдыңғы қаржы жылының соңындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві қайта сақтандырушының үлесін шегергенде | 4010 | |
| Алдыңғы қаржы жылының басындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві қайта сақтандырушының үлесін шегергенде | 4020 | |
| Алдыңғы қаржы жылындағы резерв коэффициентіне түзетілген төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері (егер "4010" / "4020" > 1 болса, онда "4100", егер "4010" / "4020" < 1 болса, онда "4100" x ("4010" / "4020")) | 4000 | |
| Есептелген төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері (егер "4000" ≤ "3100" болса, онда "3100", егер "4000" > "3100" болса, онда "4000") | 5000 | |
| Кепілдік беру қорының ең аз мөлшері | 6000 | |
| Есептелген төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері (5000 + осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептің 2-кестесіне сәйкес есептелген, қайта сақтандыруға берілген міндеттемелер сомасының бір бөлігі) | 7000 | |
| Кепілдік беру қорының ең төмен мөлшері ("6000" + осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы пруденциалдық нормативтерді орындау туралы | 8000 | |

| | | |
|---|---|---|
| есептің 2-кестесіне сәйкес есептелген, қайта сақтандыруға берілген міндеттемелер сомасының бір бөлігі) | | |
| Есепті кезеңдегі төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("7000" немесе " 8000", ең жоғары шама) | 9000 | |

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеу

(мың теңгемен)

| Көрсеткіш атауы | Жол коды | Сомасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін төленген жарғылық капитал | 111 | |
| Артықшылықты акциялар | 112 | |
| Алдыңғы кезеңдердің бөлінбеген кірісі | 113 | |
| Резервтік капитал, Күтілмеген тәуекелдер резерві және Тұрақтандыру резерві | 114 | |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызметінің мақсаттары үшін сатып алынған бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағанда материалдық емес активтер (жинақталған амортизацияны есептегендегі өзіндік құнының және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінен 10 (он) пайыздан аспайтын мөлшерде) | 115 | |
| Алдыңғы жылдардың орны толтырылмаған шығыны | 116 | |
| Есепті кезеңнің орны толтырылмаған шығыны | 117 | |
| Басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына инвестициялар | 118 | |
| Заңның 32-бабына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымдары не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысуы бар тұлға болып табылатын тұлғаларға берілген реттелген қарыздар | 119 | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| А аралық жиынтығы ("111" - "112" + "113" + "114" - "115" - "116" - "117" - "118" - "119") | 100 | |
| Белгіленген өтеу мерзімі бар реттелген борыш | 201 | |
| Белгіленген өтеу мерзімі жоқ реттелген борыш | 202 | |
| Артықшылық берілген акциялар | 203 | |
| Б аралық жиынтығы ("201" + "202" + "203") | 211 | |
| Нақты төлем қабілеттілігі маржасының есебіне енгізілетін сома:<br>(егер "211" > 0,5 х ("100" немесе "400", ең төменгі шама) болса, онда 0,5 х ("100" немесе "400", ең төменгі шама);<br>егер "211" < 0,5 х ("100" немесе "400", ең төменгі шама) болса, онда "211") | 200 | |
| Нақты төлем қабілеттілігі маржасы ("100" + "200" немесе "15000", ең төменгі шама) | 300 | |
| Төлем қабілеттілігін маржасының ең төмен мөлшері ("9000") | 400 | |
| Нақты төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі (300/400) | 500 | |

4-кесте. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу

"Өмірді сақтандыру" және "аннуитеттік сақтандыру" сыныптары үшін

(мың теңгемен)

| Көрсеткіш атауы | Жол коды | Сомасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары | | |
| Тәуекелді капитал теріс мәнді болып табылмайтын қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары (3 (үш) жылға дейінгі мерзіммен) бойынша жиынтық тәуекелді капитал ("1113" - "1111") | 1110 | |
| Қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы | 1111 | |
| Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі | 1112 | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасы | 1113 | |
| Қайта сақтандырушының сақтандыру сомасындағы үлесі | 1114 | |
| Тәуекелді капитал теріс мәнді болып табылмайтын қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары (3 (үш) жылдан бастап 5 (бес) жылға дейінгі мерзіммен) бойынша жиынтық тәуекелді капитал ("1123 " - "1121") | 1120 | |
| Қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы | 1121 | |
| Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі | 1122 | |
| Қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасы | 1123 | |
| Сақтандыру сомасындағы қайта сақтандырушының үлесі | 1124 | |
| Тәуекелді капитал теріс мәнді болып табылмайтын қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандырудың қалған шарттары бойынша жиынтық тәуекелді капитал ("1133" - "1131") | 1130 | |
| Қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы | 1131 | |
| Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі | 1132 | |
| Қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасы | 1133 | |
| Сақтандыру сомасындағы қайта сақтандырушының үлесі | 1134 | |
| Алдыңғы қаржы жылында жасалған қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша тәуекелді капитал ("1110 " + "1120" + "1130") | 1140 | |
| Алдыңғы қаржы жылында жасалған қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының үлесі шегерілген тәуекелді капитал (" 1140" + "1112" - "1114" + "1122" - "1124" + "1132"-"1134") | 1150 | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Түзету коэффициенті (егер "1150" / "1140" > 0,5 болса, онда "1150" / "1140"; егер "1150" / "1140" < 0,5 болса, онда 0,5) | 1160 | |
| Қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("1110" х 0,001 + "1120" х 0,0015 + "1130" х 0,003) х "1160")) | 1170 | |
| Басқа да өмірді сақтандыру шарттары | | |
| Зейнетақы аннуитетінің шарттары бойынша алдыңғы қаржы жылының соңына қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы | 1210 | |
| Өзге сақтандыру шарттары бойынша алдыңғы қаржы жылының соңына қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы | 1211 | |
| 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеу үшін қалыптастырылған сақтандыру резервререінің сомасы: ("1210" х 0,04 +"1211" х 0,04)<br>2018 жылғы 1 қаңтардан бастап: ("1210" х осы қаулымен белгіленген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 21-тармағында белгіленген пайыздың тиісті мөлшері +"1211" х 0,04) | 1220 | |
| Алдыңғы қаржы жылының соңындағы сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы | 1230 | |
| Түзету коэффициенті (егер "1230" / ("1210+1211") > 0,85 болса, онда "1230" / ("1210+1211"), егер "1230" / ("1210+1211") < 0,85 болса, онда 0,85) | 1240 | |
| Басқа да өмірді сақтандыру шарттары бойынша төлем | | |

| | | |
|---|---|---|
| қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("1220" x "1240") | 1200 | |
| Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("1170" + "1200" ) | 1000 | |

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының инвестицияларында сақтанушының қатысуымен өмірді сақтандыру түрі үшін

(мың теңгемен)

| Көрсеткіш атауы | Жол коды | Сомасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы инвестициялық тәуекелді көтеретін өмірді сақтандыру шарттары | | |
| Алдыңғы қаржы жылының соңына қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы | 2110 | |
| Алдыңғы қаржы жылының соңындағы сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы | 2120 | |
| Есептеу үшін қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы ( "2110" x 0,04) | 2130 | |
| Түзету коэффициенті (егер "2120" / "2110" > 0,85 болса, онда "2120" / "2110"; егер "2120" / "2110" ≤ 0,85 болса, онда 0,85) | 2140 | |
| А аралық жиынтығы ("2130" x " 2140") | 2100 | |
| Сақтанушы инвестициялық тәуекелді көтеретін және ол 5 (бес) жылдан астам мерзімдегі белгіленген әкімшілік шығыстардың орнын толтыратын өмірді сақтандыру шарттары | | |
| Алдыңғы қаржы жылының соңына қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы | 2210 | |
| Алдыңғы қаржы жылының соңындағы сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін шегергенде қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы | 2220 | |
| Есептеу үшін қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы ( "2210" x 0,01) | 2230 | |
| Түзету коэффициенті (егер "2220" / "2210" > 0,85 болса, онда "2220" / "2210"; егер "2220" / "2210" ≤ 0,85 болса, онда 0,85) | 2240 | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Б аралық жиынтығы ("2230" х "2240") | 2200 | |
| Сақтанушы инвестициялық тәуекелді көтеретін және ол 5 (бес) жылдан астам мерзімдегі белгіленбеген әкімшілік шығыстардың орнын толтыратын өмірді сақтандыру шарттары | | |
| Алдыңғы қаржы жылындағы әкімшілік шығыстар | 2310 | |
| В аралық жиынтығы ("2310" х 0,25) | 2300 | |
| Тәуекелді капиталдың мәні теріс болмайтын қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары | | |
| Алдыңғы қаржы жылының соңына қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы | 2410 | |
| Алдыңғы қаржы жылының соңындағы сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін шегергенде қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы | 2411 | |
| Қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасы | 2420 | |
| Қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының үлесін шегергенде жиынтық сақтандыру сомасы | 2421 | |
| Алдыңғы қаржы жылында жасалған қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша тәуекелді капитал ("2420" - "2410") | 2430 | |
| Алдыңғы қаржы жылында жасалған қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының үлесін шегерілгенде тәуекелді капитал ("2421" - "2411") | 2440 | |
| Түзету коэффициенті (егер "2440" / "2430" > 0,5 болса, онда "2440" / "2430"; егер "2440" / "2430" ≤ 0,5 болса, онда 0,5) | 2450 | |
| Г аралық жиынтығы ("2430" х 0,003 х "2450") | 2400 | |
| Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("2100" + "2200" + "2300" + "2400") | 2000 | |

"Жазатайым жағдайлардан сақтандыру", "ауырған жағдайдан сақтандыру" және "қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру" сыныптары үшін

(мың теңгемен)

| Көрсеткіш атауы | Жол коды | Сомасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары, барлығы (осы қаулымен бекітіліген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 23-тармағы екінші бөлігінің талаптарын ескере отырып) | 3110 | |
| Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу шығыстар сомасы | 3120 | |
| Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру сыйлықақыларына салық салу сомасы | 3130 | |
| Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған, түзетілген сақтандыру сыйлықақылары ("3110" - "3120" - "3130") | 3140 | |
| Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары, барлығы | 3150 | |
| Алдыңғы қаржы жылында түзетілген жиынтық еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары ("3150" - "3120" - "3130") | 3160 | |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақылары немесе одан әрі есептеуге | | |

| | | |
|---|---|---|
| арналған жиынтық еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары (егер "3140" ≥ "3160", онда "3140"; егер "3140" < "3160", онда "3160") | 3100 | |
| А аралық жиынтығы:<br>2018 жылғы 1 қаңтарға дейін:<br>(егер "3100" > 1 500 000 болса, онда (1 500 000 x 0,18 + ("3100" - 1 500 000) x 0,16); егер "3100" < 1 500 000 болса, онда "3100" x 0,18)<br>2018 жылғы 1 қаңтардан бастап:<br>(егер "3100" > 3 500 000 болса, онда (3 500 000 x 0,18 + ("3100" - 3 500 000) x 0,16); егер "3100" < 3 500 000 болса, онда "3100" x 0,18) | 3200 | |
| Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылында есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері ("3311" + "3312" + "3313") | 3310 | |
| Алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері | 3311 | |
| Сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып, қаржы жылының соңына есептелген, алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жыл үшін жиынтық сақтандыру төлемдері | 3312 | |
| Сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып, қаржы жылының соңына есептелген, алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жыл үшін жиынтық сақтандыру төлемдері | 3313 | |
| Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері ("3321" + "3322" + "3323") | 3320 | |
| Алдыңғы қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері | 3321 | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1(бір) жылға, қаржы жылының соңына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері | 3322 | |
| Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылға, қаржы жылының соңына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері | 3323 | |
| Түзету коэффициенті (егер "3310" / "3320" > 0,5, онда "3310" / "3320" ; егер "3310" / "3320" ≤ 0,5, онда 0,5) | 3300 | |
| Төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері ("сыйлықақылар әдісімен") ("3200" х "3300") | 3400 | |
| Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері ("3511" + "3512" + " 3513"): | 3510 | |
| алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген | 3511 | |
| алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылға, жылдың соңына есептелген | 3512 | |
| алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылға, жылдың соңына есептелген | 3513 | |
| Алдыңғы қаржы жылының соңына мәлімделген, бірақ реттелмеген резерв сомасы | 3520 | |
| Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылға, жылдың соңына мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві сомасы | 3530 | |
| Одан әрі есептеуге арналған жиынтық сақтандыру төлемдері (1 /3 х ("3510" + "3520" - "3530")) | 3500 | |
| Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("төлемдер әдісімен"):<br>2018 жылғы 1 қаңтарға дейін:<br>(егер "3500" > 1 000 000, онда ((1 000 000 х 0,26 + ("3500" - 1 000 000) х 0,23) х "3300"); егер "3500" < 1 000 000 болса, онда "3500" х 0,26 х "3300"<br>2018 жылдың 1 қаңтардан бастап:<br>(егер "3500" > 2 500 000, онда ((2 500 000 х 0,26 + ("3500" - 2 500 | 3600 | |

| | | |
|---|---|---|
| 000) х 0,23) х "3300"); егер "3500" 2 500 000 болса, онда "3500" х 0,26 х "3300" | | |
| Есепті кезеңдегі төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("3400" немесе "3600", ең жоғары шама) | 3000 | |

## Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері

(мың теңгемен)

| Көрсеткіш атауы | Жол коды | Сомасы |
|---|---|---|
| Есепті кезеңдегі төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("1000" + "2000" + "3000") | 4000 | |
| Кепілдік беру қорының ең төмен мөлшері | 5000 | |
| Төлем қабілеттілігі маржасының есептелген ең төмен мөлшері ( 4000 + осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептің 2-кестесіне сәйкес есептелген, қайта сақтандыруға берілген міндеттемелер сомасының бір бөлігі) | 6000 | |
| Кепілдік беру қорының ең төмен мөлшері (5000 + осы Сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымы пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептің 2-кестесіне сәйкес есептелген, қайта сақтандыруға берілген міндеттемелер сомасының бір бөлігі) | 7000 | |
| Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("6000" немесе "7000", ең жоғары шама) | 8000 | |

## "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеу

(мың теңгемен)

| Көрсеткіш атауы | Жол коды | Сомасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін төленген жарғылық капитал | 111 | |
| Артықшылықты акциялар | 112 | |
| Алдыңғы кезеңдердегі бөлінбеген кіріс | 113 | |

| | | |
|---|---|---|
| Резервтік капитал, Күтілмеген тәуекелдер резерві және Тұрақтандыру резерві | 114 | |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызметінің мақсаттары үшін сатып алынған бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағандағы материалдық емес активтер (жинақталған амортизациясы ескерілген өзіндік құны және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің 10 (он) пайызынан аспайтын мөлшерде) | 115 | |
| Алдыңғы жылдардағы орны толтырылмаған шығын | 116 | |
| Есепті кезеңдегі орны толтырылмаған шығын | 117 | |
| Басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына инвестициялар | 118 | |
| Заңның 32-бабына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымы не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысуы бар тұлғалар болып табылатын тұлғаларға берілген реттелген қарыздар | 119 | |
| А аралық жиынтығы ("111" - "112" + "113" + "114" - "115" - "116"- "117" - "118" - "119") | 100 | |
| Өтеу мерзімі белгіленген реттелген борыш | 201 | |
| Өтеу мерзімі тіркелмеген реттелген борыш | 202 | |
| Артықшылық берілген акциялар | 203 | |
| Б аралық жиынтығы ("201" + "202" + "203") | 211 | |
| Нақты төлем қабілеттілігі маржасының есебіне енгізілетін сома:<br>егер "211" > 0,5 х ("100" немесе "400", ең төменгі шама), онда 0,5 х ("100" немесе "400", ең төменгі шама);<br>егер "211" < 0,5 х ("100" немесе "400", ең төменгі шама), онда"211") | 200 | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Нақты төлем қабілеттілігі маржасы ("100" + "200" немесе "15000", ең төменгі шама) | 300 | |
| Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("8000") | 400 | |
| Нақты төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі (300/400) | 500 | |

5-кесте. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін сапасы мен өтімділігі бойынша олардың жіктелуін ескере отырып есептеу

(мың теңгемен)

| № | Көрсеткіш атауы | Жол коды | Баланс бойынша сомасы | Ескерілетін көлем | Есептелетін сома |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Ақша - барлығы ("11111" +... + "11114"), оның ішінде: | 11110 | | 100 % | |
| 1.1 | қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сомасынан 1 (бір) пайыздан аспайтын сомада кассадағы ақша | 11111 | | 100 % | |
| 1.2 | Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жолдағы ақша | 11112 | | 100 % | |
| 1.3 | Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша | 11113 | | 100 % | |
| 1.4 | Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі | | | 100 % | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | картшоттардағы ақша | 11114 | | | |
| 1.5 | Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі және орталық депозитарийдегі бағалы қағаздар нарығында брокерлік және ( немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы | 11115 | | 100 % | |
| 1.6 | Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі инвестициялық басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы | 11116 | | 100 % | |
| 2 | Салымдар - барлығы ("11121" +...+ "11123"), оның ішінде: | 11120 | | X | |
| | мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар: күмәнді | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
